

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАНДЫҚ ЕРКІН УНИВЕРСИТЕТИ



«БЕКІТЕМІН»

Кабылдау комиссиясының  
төрағасы

*E. Mambetkaziev*

Мамбетказиев Е.А.

«10» маусы 2025 ж.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру  
саласы бойынша түсушілер үшін арнайы емтихан өткізу  
БАҒДАРЛАМАСЫ

Өскемен, 2025

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 600 бүйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың ұлгілік қағидаларына» сәйкес өзірленген және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша окуға қабылдау арнаулы емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

1.3. Арнайы емтихан түсушілердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтауға бағытталған. Емтиханда педагогикалық жағдайларды шешеді. Емтихан барысында түсушілерге педагогикалық тәсілдерді қолданатын нақты мысалдар мен фактілер ұсынылады. Емтихан формасы – ауызша.

1.4. Арнаулы емтихандарды өткізу 1-қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

## **2. Арнайы емтиханды өткізу тәртібі**

2.1. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары оқу орындарына түсетін адамдар жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнайы емтихан тапсырады. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша окуға түсетін тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың үқас ағылттары бойынша түсуші адамдар үшін, ақылды негізде ЖЖОКБҰ-ға окуға түсушілерді қоспағанда, жалпы бейінді және бейінді пәндерден балдары ескеріледі.

Окуға түсуші арнаулы емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәланышыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі. Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жарактандырылған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

2.2. Арнаулы емтихан басталғанға дейін окуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық параллаксы ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

2.3. Арнайы емтихан кезінде түсушілер келесі талаптарды орындаиды:

1) тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушылармен және басқа түсушілермен сөйлеспеу;

2) емтихан материалдарымен алмаспау, басқадан көшірмеу, оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, ұялы байланыс күралдарын аудиторияға әкелмеу және пайдаланбау;

3) аудиторияда жүрмеу, басқа орынга ауыспау;

4) арнайы емтихан аяқталғанға дейін емтихан қабылдаушының рұқсатынсыз емтихан қабылдау аудиториясынан шықпау.

3)

2.4. Арнайы емтиханды өткізу кезінде осы Ережелердің сақталуын қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2.5. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша окуға түсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

2.6. Арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

2.7. Арнаулы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

2.8. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы емтихандардың нәтижелері бойынша түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан ЖЖОКБҰ-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

2.9. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір ЖЖОКБҰ-ның басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрекімен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

2.10. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырган адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

2.11. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысуышы комиссия мүшелері санының көшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысуышы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

## Қосымша 1

### Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары топтарының номірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
Группа образовательных программ, требующих специальной подготовки	
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
B008	Күқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
B020	Арнайы педагогика